



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№85
(2150)
Сәрсенбі
27 қыркүйек
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

● Сүйінші!

ҚАЗАЛЫЛЫҚ ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНДА ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Қытай елінің Ханчжоу қаласында өтіп жатқан XIX жазғы Азия ойындарынан ақ жолтай жаңалық жетті.

Аспан асты елінде жерлесіміз, дзюдошы Абылайхан Жұбаназар 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынап, қола жүлде еншіледі.

Шешуші сәтте өзбекстандық Мусо Собировтан айласын асырған Абылайхан Қазақстан қоржынына төртінші қола



жүлдені салып отыр.

Абылайханды бүгінгі жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз! Аудан намысын байрақты бәсекелерде қорғайтын намысты спортшыларымыз көп болсын!

Айта кетейік, аудан мақтанышы жыл басынан бері Грузия мемлекетінде өткен "GRAND SLAM" бәсекесінде күміс жүлдеге және Монголия еліндегі "GRAND SLAM" додасында қола жүлдеге ие болды.

● Баспасөз - 2024

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС БАР



Биыл аудан орталығы - Әйтеке би кентінде 14 көше асфальтталып жатыр. Соның бірі - 5-ші аймақтағы

Қ.Сансызбаев көшесі. Аталған көшеде қарқынды жұмыс жүруде. Мердігер мекеме - "Нұрас и К" ЖШС.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аталған көшеге арнайы барып, жолдың құрылысымен танысты.

Жауапты мамандар жол құрылысын жедел аяқтап, ел игілігіне тапсыратынын айтып отыр. Ал, аудан басшысы ең бірінші сапаға мән беру қажеттігін ескертті.

Ашығын айту қажет, қазіргі таңда аудан орталығы мен ауылдық округтерде жүріп жатқан құрылыстар тікелей Мұхтар Әуесұлының бақылауында. Аудан басшысы апта сайын арнайы уақыт бөліп, нысандарды өз көзімен көріп отыр.

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға - 1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға - 2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық
«Тұран-Қазалы»
газетінің
редакциясы

БАЛЫҚ АУЛАУДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Қазалы ауданының құрылғанына 95 жыл толуына орай және «Халықаралық туризм күні» мерекесі қарсаңында аудан әкімінің қолдауымен, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің ұйымдастыруымен туризм саласын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында Абай аулына кіре берістегі қалқымалы көпірдің оң жақ бетінде балық аулаудан жарыс

өткізілді.

Аталған жарысқа қазалылықтардан бөлек, Алматы, Жезқазған, Ақтөбе, Қызылорда қалаларынан және көршілес аудандардан әуесқой балықшылар қатысып, барлығы 250-ге жуық азаматтар бақтарын сынады.

Жоғары деңгейде өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков арнайы қатысып, жеңімпаз бен жүлдегерлерге медальдар мен бағалы

сыйлықтар табыстады.

Нәтижесінде бірінші орынға Мағжан Шағырбай қол жеткізсе, екінші орын Абзал Керімбайға, үшінші орын Абзал Кеңесбайға бұйырды.

Сонымен қатар, қатысушы бірқатар азаматтар «Жас балықшы», «Тәжірибелі балықшы», «Ең бірінші ұсталған балық» және «Ең ірі балық ұстаушы» бағамымен марапатталды.

Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі

ҒҰМЫРЫ ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Ғани Мұратбаев ауылдық мәдениет үйінде ғұмыры тағылымға толы еңбек иесін құрметтеу, өмір жолын насихаттау, ұрпаққа үлгі ету мақсатында еңбек және тыл ардагері Б.Сейітнесіпованың 85 жылдық мерейтойына арналған «Мен анамын бақыт тапқан еңбектен, бір қолыммен бесігімді тербеткен» атты облыстық жас аналар байқауы болып өтті.

Мәдениет үйінің фойесінде еңбек ардагерінің өмірінен сыр шертетін көрме көрсетіліп, ауылдық әжелер ансамблі халық әндерін орындап, шашу шашылып, қонақтарды ерекше көңіл-күймен қарсы алды.

Шара еңбеккер ананың өмір жолынан сыр шертетін прологпен ашылып, ұрпақтарының қатысуымен әзиз анаға сахнада құрмет көрсетілді.

Одан соң байқауға қатысушы талапкерлер таныстырылып, аудан әкімінің орынбасары Тлеумбетов Дәурен Оңғарбайұлы саналы ғұмырын бүгінгі толқынның болашағы мен туған жердің өркендеуіне сарп еткен абзал ананы айтулы мерейтойымен құттықтап, аудан әкімінің құттықтауын жеткізді. Мерейтой иесіне арнайы сый-сияпат



табыстады және байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауға Арал, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған, Қазалы аудандарынан 20-40 жас аралығындағы 8 ана қатысып, бақ сынады.

Аналар байқауына аудандық мәслихаттың депутаты Асқарова Шәкизада Келімбетқызы, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Асанова Роза Шорақызы, мәдениет саласының үздігі, Әуезовтер отбасылық халықтық ансамбльдің жетекшісі Әуезов Арман Махамбетұлы, Әбуовтер отбасылық ансамблінің мүшесі, қолөнер шебері, мәдениет саласының

ардагері Сансызбай Ұлмекен, Ғ.Мұратбаев ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы Жәлімбетова Базаркүл қазылық етті.

Байқауға қатысушы талапкерлер бірінші кезеңде өздерін таныстырса, екінші кезеңде «Бесік жырын» айтып, үшінші кезеңде отбасы құндылықтары насихатталған сахналық көріністер қойды.

Байқау қортындысында Шиелі ауданынан келген Жомартова Меруерт бас жүлде иеленсе, Ғани Мұратбаев аулынан Қожахметова Ақзия бірінші орын, Жаңақорған ауданынан Сәдуова Балжан екінші орын, Арал ауданынан Маденова Бахыт пен Қармақшы ауданынан Кішкентаева Ақмарал үшінші

орынды өзара бөлісті.

Жеңімпаздарға аудан әкімінің арнайы дипломдары мен Базаркүл Сейітнесіпова атындағы қаржылай сертификаттар табысталды.

Жалағаш ауданынан қатысқан Талқанбаева Сандуғашқа арнайы жүлде, Сырдария ауданынан келген Талғатова Ақбота мен қазалылық Рамазанова Орынкүлге аудан әкімінің Алғыс хаты және ынталандыру сыйлығы берілді.

Айтулы шарада Базаркүл ананың ұл-қыздары мен немерелері өннен шашу шашып, көпшілікті сүйсінтті.

Ауыл әкімі Рыстығұл Абай мен ауыл ардагерлері Базаркүл ананың еңбек жолы туралы естелік әңгімелерімен бөлісіп, мерейтой иесіне жүрекжарды лебіздерін арнады.

Айта кетейік, облыстық байқау Қазалы ауданы әкімдігінің қолдауымен, Қазалы ауданының мәдениет және спорт бөлімі, Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімі аппаратының және ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Жанар ҚАЗИҚЫЗЫ,
Қазалы ауданының
қоғамдық даму бөлімінің
әдіскері

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ТІЛ» АТТЫ ПІКІР АЛАҢЫ



Қазалы аграрлы техникалық колледжінде «Жастар және тіл» атты TED X форматында жатақхана студенттерімен ашық пікір алаңы өтті. Мақсат - студенттерді қазақ елін, қазақ тілін қастерлеуге, ой-өрісін кеңейтуге, шешендік өнердің қыр-сырын ұғына білуге тәрбиелеу, қазақ тілінің тазалығын сақтауға үндеу.

Аталмыш шараға колледж әдіскері Әнуарбек Тілеубайұлы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Ысмағұл Жәния қатысты.

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең

қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер ең әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі заманда сөнге айналған «сленг» сөздердің қоры күн санап өсіп келеді. Өскелең ұрпақтың тіл шұбарлауы бей-жай қалдырмасы анық.

Пікір алаңында студенттерге қазіргі жастардың «сленг» сөздерді қолдануы туралы бейнеролик көрсетілді. Мұнан соң екі топқа бөлінген студенттер және бір топ жатақхана студенттері «сленг» сөздердің пайдасы мен зияны туралы ашық ойларын айтып, пікір алмасты. Әлімбаева Ұлболсын, Сейілхан Жансая, Лайықов Дәулет «сленг»

сөздерді қолданудың пайдасы туралы өз ойларын ашық жеткізсе, Шегебаев Жанарыс, Жетібаев Нұрсұлтан, Санбай Эльнара зияны туралы пікірлерін айтты.

Шараны қортындылаған қазақ тілі пәнінің оқытушысы Жәния Ысмағұл жастарға тіл бұрмалау үлкен қателік, трендке ерем деп тілді ластаудың дұрыс емес екенін жеткізсе, колледж әдіскері Әнуарбек Тілеубайұлы жастарға ақылды айта отырып, ойларын ашық жеткізуге шақырды.

Ата - бабаларымыздың сан ғасыр ұлы арманына айналған тәуелсіздігіміздің басты қаруы - тіліміз екенін ұмытпай, қастерлейік!

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл екенін қағазға емес, көкірегімізге жаза білейік!

Рита БАЙЗАҚҚЫЗЫ,
Қазалы аграрлы –
техникалық колледжінің
жатақхана
меңгерушісі

ДӘУЛЕТБЕК ТҰЯҚБАЕВ – ІСКЕР АЗАМАТ!



Иә, бүгінде Дәулетбекті қатарластары, бірге қызмет атқарған әріптестері мен жақын араласқан жандар іскер азамат деп бағалайды. Көпшілікте осы сөзді құптайды. Демек, бұл азаматтың абырой биігіне көтерілгенінің айғағы. Бізде ініміздің өмір жолымен таныса келе аталған сөздердің нақтылығына көз жеткіздік.

Дәулетбек Әйтеке би кентінің перзенті. 1960 жылы жұмысшы отбасында дүниеге келген. Қазіргі Жанқожа баба атындағы №70 орта мектепті бітірген соң №86 жылжымалы механикаландырылған коллоннада жұмысшы болып еңбек жолын бастап, адал еңбек, маңдай тердің ащы дәмін татып үлгірген. Десе де талапты жігіт алдына мақсат қойып, жоғары білім алуды көздейді. Жыл өткен соң таудай талап, ізгі ниет арқалап, сол кездегі астана-Алматы қаласына жол тартады. Талаптыға нұр жауар демекші, көңіл қобалжуы басылып, жолы болып Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылығы институтының «Агрономия» факультетіне оқуға түседі. Қызығы мен қиындығы қатар, қуанышы мол студенттік жылдар Дәулетбекті де есейтіп, жастық өміріне ізгілікті іздер қалдырды.

Жас маман дипломмен ауылға оралып, сол кездегі аудандағы күріш фабрикасы атанған Партияның XXII съезі атындағы совхозда кіші агроном болып қызметіне кірісті. Маңдайына жақсы адамдармен жүздесу бұйырды. Совхоздың бас агрономы Жұмағали Өтепбергенов ағасымен жолықтырған тағдырына осы күнге дейін ризашылық білдіреді. Аса талантты ұйымдастырушы, дарынды агроном, еңбек десе ерінбейтін елгезек, істің көзін тауып атқаратын алымды да шалымды, қиянатқа төзбейтін, мақсатына жетуде жанкешті, дақылдары өсірудің майталман шебері, жалқаулар мен кемшілік жіберетіндермен ымырасыз, адал еңбек еткендерді, айтқанына көнгендерді құшағына қысып аялайтын атышулы Жұмағали ағасынан үйренген өмірлік тәжірибесін іс жүзінде бүгінге дейін пайдаланып келеді. Әп дегенде қамқорлыққа алған бас агрономның айтқанын екі етпей орындауға Дәулетбек те дағдыланды. Содан да алымды агроном жас маманды

тайында-ақ болмысынан аңғарып, өзіне іш тартты. Әркез жұмысына қолдау білдірді. Алты жылдан соң Жұмағали ақсақал зейнет демалысына шыққанда Дәулетбекті өз орнына бас агрономдыққа ұсынды және өткізді. Ешкімнің ісіне көңілі тола бермейтін ақсақалдың өз шәкіртіне бата беріп, ақжолтай тілеуі жақсылықтың жоралғысындай болып еді сол жолы.

Азғана жылдар ішінде бас агрономдық қызмет атқарған Дәулетбек Тұяқбаев үздіксіз ізденісімен, еңбекқорлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Совхоздың күріш пен өзге дақылдардан мол өнім алуында бас агрономның да үлесі мол еді. Абыройлы жас жігітке аудандық партия комитетіндегілердің де көзі түсті.

1989 жылы Дәулетбек Тұяқбаев аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушылық қызметке шақырылды. Ауыл шаруашылығы саласының білгір маманының кеңсе қызметіне, партиялық қызмет саласына үйренісуде қиындық тудырмады. Алайда аудандық партия комитеті оны көп ұзамай-ақ «Қазалы» кеңшарының партия ұйымының хатшылығына қызметке жіберді. Партия ұйымдарының тарауына байланысты Дәулетбек 1991 – 1994 жылдары кеңшар директорының егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. Өзі жан-жақты білетін салаға жетекшілік еткеннен кейін білікті агроном шаруашылықтың егіншілік мәдениетін көтеруге ерекше мән беріп, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Кеңшарда бидай, мал азығындық жоңышқа, жүгері дақылдары егісінің көлемін арттырып, одан мол өнім алуға қол жеткізді.

1993 жылдың 19 наурызы. Бұл күн Дәулетбек пен оның әріптестерінің есінде ұмытылмастай сақталатын күн болып есте қалды. Көктемнің қарбалас шағы. Алдағы егіске дайындық мәселесі күн сайын әңгіме арқауы. Осы салаға жауапты Дәулетбектің тыныш өткен бір күні жоқ. Қасына егіс бригадирі Самаладин мен агроном Балтаны ертіп дария бойына беттеген. Бұлар межелі жерге де жетіп қалған. Алдымен дәррия беткейіндегі топ оқушыларға көзі түсті. «Олар бұнда неғып жүр екен», - деп ойлаған. Өйткені дария бетінде қызыл су жүре бастаған. Мұз тым жұқа. Осылай күдік алып үлгіргенше дария бойындағы балалардың шыңғырған, үрейлі үндері құлақтарына шалынды. Бұл тегін емес, ойланып тұруға уақыт жоқ үшеуі бірдей дария жаққа жанұшыра жүгірді. Балта мен Самаладинді басып озған Дәулетбек сырт киімі мен құлақшынын жол жөнекей шешіп лақтырып, мұз ойығына алдымен жеткен. Одан арғысы терең суішінде ессіз арпалыс. Бірін-бірі демеген үшеу, өлім аузында арпалысқандар. Көмекке келгендер бұғалық етіп тастаған арқанды лезде беліне

орап алған Дәулетбек содан күш-қуат алып, асау ағында теңселе арпалысып жүрген балаларды шетінен қақшып қағып алып, мұз үстіне бірінен соң бірін шығара берді...

Дәулетбек қаумалаған көптің ортасында ессіз теңселіп тұрды. Әйтседе жеті қыздың біреуін құтқара алмағандықтан өкініш өзегін өртеп, жылап жіберді.

Кейін Дәулетбек бастаған азаматтардың осы ерлігі ел аузында аңыз әңгіме болды. Ауылдастары перзенттеріне өмір сыйлаған азаматтарға алғыстарын айтып, бастарын иді.

Жоғарыда әңгімелегеніміздей дария бойында оқушылар қайдан жүр деген сауалдың болуы заңды. Бұлар демалыста дарияның арғы бетіндегі үйлеріне бармақ болған мектеп интернатында жатып оқитын бастауыш класс оқушылары болатын. Олар тәрбиешісімен бірге мұз үстінен өтіп бара жатырғанда мұз ойылып кеткен.

«Қазалы», қазіргі «Ақсуат» ауылының сайлаушылары Дәулетбек Тұяқбаевтың ауылға сіңірген азды –көпті еңбегін, адамгершілігі мен адалдығын, ерлігін ескеріп, ол басқа қызметке ауысып кетсе де аудандық мәслихаттың екі шақырылымына депутат етіп сайлады.

Қай салада қызмет атқарса да іскерлігімен көзге түсіп, абырой иеленген Дәулетбек 1994 жылдың күз айында аудандық тұқым инспекциясының бастығы қызметіне тағайындалды. Келер жылы «Өркендеу» шаруашылығының төрағасы болып сайланды. 1996 жылдың шілде айы мен 2005 жылдың қаңтар айлары аралығында аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің директорлығы қызметіне тағайындалып, абыройлы қызмет атқарды.

Қызмет сатыларымен өсіп, түрлі салаға жетекшілік еткен Дәулетбек Махамбетұлы 2005 жылы аудан әкімінің тағайындауымен Қазалы қаласының әкімі болды. Байырғы қаланы ауданға белгілі талай азаматтар басқарды. Әрқайсысы қала бейнесінде қолтабасын қалдырды. Әкімдік қызметті 3 жыл атқарғанда қарымды жас басшы қала тұрғындарымен тіл табыса жұмыс атқарды. Кеудемсіген, орынсыз талап қойғыштарды жөнімен сөзге келтіріп, мысын басты. Жаңа әкім қаланы көркейтіп, көгалдандыруға жете мән берді. Көгалдандыру жұмыстарының басы-қасында өзі жүріп, істің орайын тапты. Қала жастарының спортпен айналысуына өзі бас болды. Жастар арасында ынтымақ пен ауызбіршіліктің қалыптасуына мол еңбек сіңірді. Зейнеткерлерге қамқорлық жасауға әрдайым көңіл бөлді.

Әкімнің халыққа көрсеткен қызметінің бір парасы былай бағаланды. Халық арасында «Дәулетбек қазған арық, Дәулетбек еккен талдар» деген

сөз әлі күнге айтылып жүр. Бұл әкімнің істеген ісінен із қалды деген сөз. Бұны жақсы атаққа саюға болады. Дәулетбек Қазалы қаласы әкімі болып жүргенде 2006 жылы 21 округ әкімдерінің арасында өткен «Өнерлі әкім, өрелі әкім» атты аудандық сайыста бас жүлдені жеңіп алғанын айтып өтсек артық болмас.

2008 жылы Дәулетбек аудан орталығы –Әйтеке би кентінің әкімі болып тағайындалды. Ашығын айтайық, кентті талай әкім басқарды ғой, олардың атқарған қызметтеріне халық куә. Ал, жаңа әкім жаңаша басқарып қыруар жұмыстар атқарды. Жұмыс көзін білгендіктен көшелер бойымен жаңа арықтар қаздырып, суды жетелеп жүрді. Көше бойларына талдарды ектірді. Өзге облыстардан гүл көшеттерін әкеліп, халық демалатын саябақтарға, демалыс орындарына отырғызды. Шынында сән беретін алуан түрлі гүлдер алаңдардың ажарын ашып, көріктендіре түсетін.

Әйтеке би кентінің әкімі, «Қазалы тынысы» ЖШС-нің директоры, «Қазалы көркем сервис» ЖШС-директоры болып қызмет атқарып жүргенде Әйтеке би кентіндегі Төле би, Желтоқсан, Жанқожа, Әйтеке би, Қашақбай Пірімов, Сәбит Мұқанов, О.Жанәділов көшелері мен Әйтеке би ескерткішінің айналасына екен талдарының жайқалып өсіп тұрғаны көз қуантады.

Іскер азамат Дәулетбек Махамбетұлы Тұяқбаевтың әр жылдары Қызылорда қаласы әкімінің көркейту, көгалдандыру мен санитарлық тазалық жөніндегі кеңесшісі, «Рза-Агро» ЖШС-нің директоры болып қызмет атқарғанын айта кету ләзім. Оның үстіне «Рза-Агро» ЖШС Дәулетбек басқарған жылдары (2012 жыл) күріш өндіруде аудан чемпионы атағын жеңіп алғаны, басшының іскерлік қабілетін айғақтаса керек.

Білікті азамат 2014 жылдан бастап, «Қазалы Көркем сервис» ЖШС-ін ашып, 15-20 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Мекеме аудан орталығы –Әйтеке би кентінің тұрғындарына, кәсіпкерлер мен мемлекеттік кәсіпорындарға тазалығы үшін келісім-шарт арқылы қызмет көрсетіп келеді. Ол үшін лизинг арқылы алынған арнайы екі қоқыс шығаратын көлік, екі Зил -130 автокөлігі жұмыс істейді.

Дәулетбек Тұяқбаев іскер азамат, білікті басшы, шебер ұйымдастырушы болуымен қатар өнегелі отбасының отағасы. Жұбайы Гүлнар Салмырзақовы екеуі үш қыз, бір ұлды өнегелі етіп тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәрі де жоғары білімді, түрлі салада қызмет атқарады. Ұлы Асқар мен келіні Ақтотыдан 4 немере сүйіп отыр. Қыздардан тараған 5 жиеннің үлкені жоғары оқу орнының 3 курс студенті. Қалғандары мектеп оқушылары.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
«Тұран-Қазалы» газетінің
бас редакторы

АЛДАУ, КЕМ ӨЛШЕУ, ТАРАЗЫДАН, ЕСЕПТЕН ЖЕУ, АҚАУЛЫ НЕМЕСЕ ЖАЛҒАНДЫҚ ТАУАРЛАР: ЖАҢА ЗАҢ САТУШЫНЫ СОТҚА БЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Бүгінгі таңда Мәжілісте тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жаңа заң жобасы қаралуда. Аталған заң жобасында көптеген жаңалықтар бар. Бірақ айта кететін ең бастысы - тұтынушы құқығы бұзылған кезде, мысалы, ақаулы көлік сатып алғанда немесе электр желісіндегі кернеудің жоғарылауы нәтижесінде тұрмыстық техникасы бұзылса бірден сотқа шағым түсіре алады. Бұл өте маңызды, өйткені ол сатушыларды тәртіпке келтіреді.

Естеріңізге сала кетейік, қазір тұтынушы бірден сотқа жүгіне алмайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұтынушы алдымен дауды сотқа дейін шешуге тырысады. Бүгінгі таңда Қазақстанда тұтынушылардың шағымдарын қараудың үш сатылы алгоритмі жұмыс істейді: 1 кезең – сатушы және дауларды сотқа дейін реттеу субъектілері, 2 кезең – уәкілетті мемлекеттік органдар, тек 3 кезең – сот.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі әзірлеген тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жаңа заң жобасы аталған үш сатылы алгоритмді өзгертеді. Аталған заң жобасының 49-бабының 1-тармағы тұтынушыға өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды таңдау құқығын береді. Атап айтқанда, ол өз қалауы бойынша:

- сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға),
- тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне, қауымдастықтарға (одақтарға),
- омбудсменге,
- уәкілетті органға,

мемлекеттік органдарға, -тұтынушылық дауды соттан тыс реттеу субъектісіне (сатушының (дайындаушының, орындаушының) келісімі болған кезде),

- сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте Заң жобасымен тұтынушы уәкілетті органға сатушыға тиісті талап қойылғаннан кейін бір ай мерзімде (кешіктірмей) жүгіне алады (заң жобасының 51-бабының 1-тармағы).

Айта кету керек, Заң жобасын талқылау барысында Мәжілістің жұмыс тобында басқа да мәліметтер табылатыны сөзсіз. Бірақ шешуші сәт, тағы да қайталап өтейік – ол тұтынушының сотқа тікелей жүгіну мүмкіндігі. Алайда, бұл тұтынушының құқығы екенін, бірақ міндеті емес екенін ескеру қажет. Ол алдымен сотқа дейінгі реттеу құқығын қолдана алады, содан кейін ғана, егер ол көмектеспесе, сотқа талап қоя алады.

Осылай мемлекет тұтынушыны бірден сотқа жүгінуге емес, екі сатылы алгоритмге жүгінуге ынталандырады. Осы ретте Заң жобасының 54-бабында заң шығарушы бұл жағдайда сатушылардың қосымша жауапкершілігін белгілейді. Атап айтсақ, айыппұл мөлшері өндіріп алынған сомаға байланысты және талап қою сомасының жартысынан 20 АЕК-ке дейін және де 90 АЕК-тен жоғары талап қою үшін 10 пайызға дейін құрайды.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ОБМАН, ОБВЕС, ОБСЧЕТ, ПОДДЕЛКА ИЛИ БРАК: КОГДА НОВЫЙ ЗАКОН ПОЗВОЛИТ ПОДАТЬ НА ПРОДАВЦА В СУД

В настоящее время в Мажилисе рассматривается проект нового закона "О защите прав потребителей". В названном проекте закона много новшеств. Но главное, изменение – потребитель при нарушении его права, например, при покупке бракованного автомобиля или порчи бытовой техники в результате скачка напряжения в электросети сможет сразу подавать иск в суд. Это очень важно, поскольку дисциплинирует продавцов.

Напомним, сейчас потребитель сразу обратиться в суд не может. Существующее законодательство обязует его прежде предпринять попытку досудебного урегулирования спора. В Казахстане функционирует так называемый трехступенчатый алгоритм рассмотрения жалоб потребителей: 1 этап – продавец и субъекты досудебного урегулирования споров, 2 этап – уполномоченные государственные органы, и только 3 этап – суд.

Проект нового закона "О защите прав потребителей", которое подготовило Министерство торговли и интеграции РК, отменяет пресловутый "трехступенчатый алгоритм". Пункт 1 статьи 49 законопроекта наделяет потребителя правом выбора мер по защите своих нарушенных прав и законных интересов. А именно, он по своему усмотрению может обратиться:

- к продавцу (изготовителю, исполнителю),
- в общественные объединения потребителей, ассоциации (союзы),
- комбудсмену,
- в уполномоченный орган,

ган, государственные органы,

- к субъекту внесудебного урегулирования потребительского спора (при наличии согласия продавца (изготовителя, исполнителя),
- в суд.

В уполномоченный орган потребитель может обратиться в месячный срок (не позднее) после предъявления соответствующей претензии продавцу (пункт 1 статьи 51 законопроекта).

Следует отметить, что намеренно в ходе обсуждения законопроекта в рабочей группе Мажилиса обнаружатся и другие детали. Но решающий момент, повторимся – это возможность прямого обращения в суд. Заметим, однако, что это именно право потребителя, но не обязанность. Он может воспользоваться сначала опцией досудебного урегулирования и лишь затем, если не помогло, подать иск.

Причем государство побуждает покупателя прибегнуть именно к этому – теперь уже двухступенчатому алгоритму, а не сразу обращаться в суд. В статье 54 законопроекта законодатель устанавливает в этом случае дополнительную ответственность продавцов.

Размер штрафа зависит от взысканной суммы и составляет от половины суммы иска до 20 МРП до 10 процентов для исков свыше 90 МРП.

Департамент торговли и защиты прав потребителей по Кызылординской области Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан

●Хабарландыру

2023 жылдың 29 қыркүйек күні сағат 16:00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн тәртібінде «Аудан көлеміндегі әлеуметтік нысандардың қысқы маусымға дайындығы туралы» мәселе қаралады.

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.